

**ИСЛАМНЫҢ ҚАЗАҚСТАН
ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ
РҮХАНИ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЕН,
ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ ӘДЕТ-
ҒҰРЫПТАРЫМЕН ӨЗАРА
БАЙЛАНЫСЫ**

Дін

Адамзаттың
рухани
мәдениетінің
маңызды
бөлшегінің бірі.

Дін арқылы адамдар арасындағы
рухани байланыстан, ұлтаралық
келісім мен қоғамның беріктігі,
адамзат сапасымен салт-дәстүрді
сақтаудың ең жақсы мүмкіндігін көре
білуіміз қажет.

Біздің қазақ халқы – мұсылман, діні – ислам екендігі үнемі Елбасшымыз Н.Ә.Назарбаев биік мінбелерден тектен текке айтып жүргені жоқ. Сан ғасырлар бойы исламдық жолды ұстанған ата-бабаларымыз осы дінге лайықтап өз әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, наным-сенімін қалыптастырған, әрі оны ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып отырған.

Әрбір өркениеттің, әрбір ұлттың өзіндік дүниетанымы бар. Түрлі халықтардың тарихын зерттеген ғалымдар жер бетінде ешқашан дінсіз, наным-сенімсіз ел болмағандығына анық көз жеткізді. Адамзат түрлі халықтардан, ұлт пен ұлыстан тұрады. Әрқайсысының өзіне тән ұлттық ерекшеліктері, тілі мен дәстүрі, діни нанымдары бар.

Дәстүр – ұлтты рухани жандандырып, оның ішкі және сыртқы келбетін өрнектеп, көрсетіп тұратын сипаттар. **Дін мен дәстүр** – қашанда бір-бірімен сабақтас ұғым. Екеуі егіз тақырып десек те болғандай. Ислам діні әрбір халықтың, ұлттың өзіндік құндылықтары және ерекшеліктері – әдет-ғұрпына ерекше көңіл бөлген. Сондықтан ислам ғұламалары әдет-ғұрып мәселесін талдап, оның өзін жеке бір тақырып етіп зерттеген. Дәстүрге теріс көзқараспен қарау және оны жоққа шығару тек бір ұлттың тамырына ғана балта шабу емес, дінді бұзушылық болып та табылады.



**ДІН ҰСТАНУ — ДӘСТҮРДІ ҰМЫТУ
ДЕГЕН СӨЗ ЕМЕС!**



Бүгінде әлем мұсылмандарының басым бөлігі ұстанатын, Қазақстан мұсылмандары үшін де дәстүрлі болып табылатын **Ханафи мазхабының іргесін қалаған имам Ағзам Әбу Ханифа ілімінде** ислам дінін қабылдаған жергілікті халықтардың салт-дәстүріне баса мән берілді. Ханафи мазхабында әдет-ғұрыптар исламдағы пәтуа шығарудың, яғни белгілі бір мәселеге қатысты діни үкім берудің бір негізі ретінде саналады. Құран үкімдерінде, хадистерде, ислам ғұламаларының пәтуасында қарастырылмаған қандай да бір жағдайға қатысты жергілікті халықтың әдет-ғұрпы арқылы шешім берілген болса, сол әдет пәтуа ретінде қабылданған. Сондай-ақ жергілікті халықтың дәстүріне тән қандай да бір әдет-ғұрып ислам шариғатына қайшы келмесе, ел арасында кең таралған болса, оны қолдануға, сол бойынша іс-әрекет етуге ешбір шектеу қойыл



**БІЗ ДІН МЕН ДӘСТҮРДІ
ДАНАЛЫҚПЕН ҮЙЛЕСТІРЕ БІЛГЕН
ХАЛЫҚПЫЗ**



Мұсылман қазақ халқы діні мен дәстүрін сабақтастыра білген ұлт. Қазақ халқының дәстүрі де, тарихы да, әдебиеті де, мәдениеті де дін исламмен тығыз байланыста. Ал, Ислам діні-қазақ дәстүрінің қайнар бұлағы. Қазіргі уақытта, жұрттың дін мен дәстүрден алшақтауы, дәстүрді дінге, дінді дәстүрге қарсы қоюуы немесе дінді дәстүрден, дәстүрден дінді бөліп қарауы мағлұматтың кемдігі, кешегі көп жылдық зұлыматтың зардабы.

Қазақ тілінде араб тілінен енген сөздер өте көп. Мұның бәрі де дін ислам арқылы келген. Күнделікті қолданып жүрген «әдет-ғұрып», «салт-дәстүр» деген сөздер де араб тілінен енген. Мұнан әдет-ғұрып, сал-дәстүрдің қайнар көзі дініміз ислам екендігін аңғарғамыз.

«Салт-дәстүр» мен **«әдет-ғұрып»** сөздерінің мағыналары біріне-бірі сәйкес.

«Әдет-ғұрып»

Ежелден қалыптасып, қоғамда қолданылып жүрген қағида-ережелер.

Араб тілінде адамдарға үйреншікті болған, әдеттегі іс-әрекеттер, үрдіс деген мағыналарды білдіреді

Ғұрып — **«таным», «түсінік, пайым»** деген сөз.

Мысалы, жаңадан келін түскен үйдегі тойды «бет ашар той» деп атайды. «Жаңа келін келгендегі тойдың алғашқысы осы той болсын, соңынан тойлар бола берсін» деген мағынадағы таным бұл.

«Салт-дәстүр»



Әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі тұғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері.

Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи-әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекеттің көрінісі дәстүр арқылы танылады.

Ұлты үшін өмір сүру қағидасы, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық – өнеге тәжірибесін құраған.

«Дәстүр» сөзі араб тіліне не парыс, не түркі тілінен енген көрінеді. Мағынасы «қағида», «негіз» дегенді білдіреді. «Әл-Мұғжам әл-уасит» атты араб тілінің түсіндірме сөздік кітабында: «Дәстүр – талабына амал етілетін қағида» – деп айтылған. Бүгінгі араб елдерінде «дәстүр» сөзін біздегі «конституция» сөзінің орнына қолданады. Демек, «дәстүр» сөзінің мәні мен мағынасы «орындалуы талап етілген іс», «бекітілген қағида» деген сөз.

ДІН және ДӘСТҮР

Әлемде дін исламды қабылдаған көптеген ұлттар бар. Олардың діні бір болғанымен салт-дәстүрлері алуан түрлі. Әлем мұсылмандарының дәстүрлері дін исламға қайшы емес. Үстеріне киген ұлттық киімдері, жейтұғын тағамдары, атап өтетін тойлары, өткізілетін рәсімдері бәрі-бәрі де өзгеше, тіпті, түр-түстері де, тілдері де түрліше. Бірақ, олардың барлығы – мұсылман.

Ислам көп халықтардың басын біріктірген дін. Араб ұлтынан бастау алған ислам белгілі ұлттың дәстүрін ешқашан басқа ұлттың дәстүріне айналдыруды мұрат етпеген. Бәлкім дәстүрді дәріптеп, оны қайта дамытқан дін. Қорыта айтқанда, дін бір, дәстүр бөлек.

Әдет-ғұрыптардың ішінде тыйым салынатыны, сондай-ақ рұқсат етілетіні, тіпті орындалуы қажет болып табылатындары да бар. Әдет және ғұрыпқа айрықша орын бергенде, орындалатын өзіндік арнайы шарттары бар:



I. Салт-дәстүр – Құран мен Сүннет мәтіндеріне және ғалымдардың бір ауыздан келіскеніне немесе шариғатта бекітіліп қойған үкімге қарама-қайшы келмеуі тиіс. Имам Сархасидің: «Құран мен Сүннетке қарсы келген кез-келген салт есепке алынбайды», - деген сөзі бар.



II. Әдет пен ғұрып, сирек кездесетін емес, кең тараған болуы қажет. Имам Суюти: «Салт-дәстүрмен тек, егер олар кең тараған яғни қоғамдық ортада мойындалған болса ғана санасады, ал егер олар айқын болмаса, есепке алынбайды».



III. Салт-дәстүр бізге бұрынғылардан жеткен, қазіргі таңда да қолданыстағы дәстүр болуы керек. Өйткені, салт-дәстүр уақыттан-уақытқа, халықтан-халыққа ауысып келе береді.

Қазақтың әдет-
ғұрыптарын
ислам дінімен
байланыстырсак

Тұсау кесер

Соңғы кездері қазақтың сонау келе жатқан тұсау кесер дәстүрін "Аллаға серік қосу" деп жатыр. Аталарымыздан ғасырлар бойы келе жатқан «Тұсау кесерді» жақсы ырымға жатқызуға әбден болады. Бұған жауапты пайғамбарымыздан жеткен хадистен таба аламыз. «Әрбір амал ниетке байланысты» депті адамзаттың асыл тәжі болған Пайғамбарымыз (с.ғ.с). Яғни, «Тұсау кесердегі» ниеттен шарифатқа томпақ келетін ешнәрсе көре алмайсыз. Атам қазақ баланың тұсауын тоқ ішекпен, көк шөппен және ала жіппен кескен. Тоқ ішекпен кескенде «жоқшылық пен таршылық көрмесін, тоқ болсын» деп ниет қылған. Көк шөппен кесерде «көгеріп көктесін, өсіп-өнсін» деген тілеу болған. Мұнда да «бөтеннің ала жібін аттамайтын адал азамат болсын» деген өте жақсы ниет жатыр.





Балаңның болашағына үлкен сенім артып, көңіліңді өсіретін мұндай дәстүрден қандай жамандық іздеуге болады сонда. Олардың айтатын уәжі «Алланың қалауымен болатын нәрсені ала жіптен сұрау серік қосу емегенде немене» дейді. Басқа-басқа дәл осы тұсау кесерде кімде болса қолына пышақты ұстап тұрып, «біссміллә» деп бастайды. Яғни, Алланың атымен басталып тұрған ырымда қайдағы «ширк». Және тұсауды аталарымыз сол елдің көшбасшы көсеміне, аузы дуалы шешеніне немесе беделді, сыйлы азаматына кестірген. Бұл да Пайғамбарымыздан қалған жол. Расулымыз (с.ғ.с) жаңа туған сәбиге құрма шайнап, таңдайына жаққан екен. Алла елшісінің (с.ғ.с) әрбір істеген амалы – сүннет. Осы сүннетті берік ұстаған аталарымыз үйіне аузы дуалы ақын, сөзге шебер шешен келсе жас баласының ауызына түкіртіп отырған.

Беташар

Тағы да бір баяғдан келе жатқан дәстүріміздің бірі – беташар. «Бетінді келін ашқаным, жаңа жұртқа қосқаным» деп басталатын «беташар» дәстүрін де Аллаға серік қосу дейтіндер шықты. Олардың да айтар уәжі ақылға қонымсыз. «Біз Аллаға ғана бас иеміз» дейді. Алла разы болсын. Бірақ, Аллаға бас ию мен келіннің сәлем салуында жер мен көктей айырмашылық бар емес пе? Сонда Бақара сүресіндегі: **«Егер әке-шешенің біреуі немесе екеуі де қасында қартайтын болса оларға қарап «түф» деп кейістік білдірме. Керісінше оларға мейірім құшағын аш та: Раббым, олар мені кішкентайымнан бағып-қағып тәрбиелегеніндей, мейірімді болғанындай оларға рақымыңды төк»** деп келетін аятты қайда қоямыз? «Ата-ананың разылығы – Алланың разылығы» деген Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадисі ше? Ұлдың әке-шешесі жаңа түскен келіннің екінші ата-анасы емес пе? Оларға сәл ғана бас иіп, ишара жасап, ризашылығын алудың қандай жамандығы бар. Сәлем салу дегеніміз келіннің келген жеріндегі ата-ана, ағайын туысына деген құрметінен туындаған салттың бірі. Асыл дініміз енді-енді қанатын жайып келе жатқанда «адамға бас имеймін» деп қайқайып тұрса, келін мен ағайын ортасындағы туыстық қатынасқа сызат түспей ме? Ал туыстықтың ара жігін ажыратпай, бірлігін сақтау ол да парыз.



Иіс шығару

Иіс шығару – түркі халықтарының біразына тән дәстүр. Атамыз қазақта өлілерге арнап ас беру, жиын-той жасап, көпшіліктің басын қосып отыру – сонау сақ-ғұн кезеңінен келе жатқан дәстүр. Исламды қабылдағаннан кейін бейсенбі, жұма күндерін ұлықтап әрі ата дәстүрін исламмен астастыра отырып, иіс шығарып, жеті нан тарату немесе молда шақырып, пісірген нанға Құран оқыту дәстүрге айналды. Ал көршілес өзбек халқында ас (палау) пісіріп, өз отбасында ішіп-жеп, Құран оқуды «иіс шығару» деп атайды, олар да бұл дәстүрді исламмен берік байланыстырған. Әрбір амал ниетіне қарай бағаланады, бұл дәстүрдің негізгі мақсаты – Құран оқытып, сауабын өлілерге бағыштау екені анық.

**ЖЕТІ ШЕЛПЕК
ТАРАТУ**



Отанды қорғау

Отанды қорғау мәселесіне келер болсақ, елімізді қорғау — ол міндет. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деп Отанын қастерлеген қазақ атамекеннің қадір-қасиетіне жете білген. Өйткені туған жер үшін қашама жаулармен арпалысып өтті, талай зұлматты замандарды бастан кешірді. Жалпы отаншылдық, патриотизм асыл дініміздің ұстанымымен ұштасып жатқан ұғымдар. Исламда мынадай қанатты сөз бар: «Отанды сүю иманнан».

Жалпы, Ислам құқығының көріністерін, оның құқықтық нормаларының қалдықтарын қазақ әдет-ғұрып заңдарынан көруге болады. Бұл мәселеге қатысты нақты фактілер мен дерек көздерін ғалымдардың зерттеулерінен, еңбектерінен оқып білуге әрі байқауға болады.



Ислам шариғатында садақаға баса мән берілетіні белгілі. Садақа тек кембағалға берілетін көмек қана емес. Исі мұсылман баласына, қала берді барша жаратылысқа қатысты әрбір ізгі іс, жақсы сөз, тіпті біреуді жамандықтан қайтарып, жақсылыққа үндеу де садақаға жатады. Ал қазақта садақаның ең көп таралған түрі – дастархан жайып, ас беру немесе жеті нан тарату. Астың алдында да, соңында да Құран оқылады, сол секілді жеті нанды берген адам да, алған адам да марқұмдарға бағыштап, Құран оқитыны белгілі. Сондықтан бұл дәстүр – исламмен біте қайнасып кеткен дәстүр. Сонымен қатар қазақ үшін дастархан мен ас – қастерлі ұғымдар. Ол бас қосуға, араласуға, бірлік пен берекеге себеп болады. Бұл тұрғыдан да шариғаттан шалыс кетпейтін мұндай ізгі дәстүрді мұсылман баласын бірлік пен сауапты істерге шақыратын ислам дінінің тек қана құптайтыны айқын.

Расында, бір нәрсені оң ниетпен ырымдағанды жақсы көретін халықпыз. Мысалы, үйімізге бір кісі келіп қалған сәтте қуанышты хабар естісек: «Бәрекелді, құтты қонақ келсе қой егіз табады», – деп естіген жақсылықты сол қонақ алып келгендей мәре-сәре болып, тіпті шапан жауып, сый құрмет көрсетіп, дәрежесін көтеріп тастаймыз. Бірақ әлгі сәтте жеткен жақсы хабар Алла тағала бұйыртып тұрса, сол қонақ келмесе де болатын жағдай. Десе де, дарқан көңіл қазақ қонағының мерейін асыру мақсатында осылай істеп жатады. Осы бір кіршіксіз ниетін шариғатпен байланыстырсақ, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) : **«Кімде кім ақырет күніне иман келтірген болса, онда қонағын құрметтесін»** деген хадиске жасаған амалы болып шығады. Екінші бір хадиске зер салатын болсақ, **«Әр қонақ сол шаңыраққа он ырыздықпен келеді де, біреуін жеп, тоғызын тастап кетеді»**, – дейді. Бұдан да **«Қонақтың аяғымен құт келеді»** деген пейілін аңғарамыз.



MUFTYAT.KZ

**ҚОНАҚ КЕЛДІ –
ҚҰТ КЕЛДІ**

Халқымыздың салт-дәстүрлерінің басым көпшілігі Исламнан бастау алатындығын Ислам құндылықтарының халықтық санада берік бекігендегінен көруге болады.

Қазақ дәстүрлі мәдениетінде айшықталған әдеп ұстанымдары батыстық этика ұғымдарынан басқаша, өзіндік бітімі бойынша тұжырымдалады.



Біріншіден, кісілік қасиеттер ауызекі поэтикалық арнада көркем суреттемелер арқылы берілген.



Екіншіден, әдеп нормалары (кісілік белгілер) қазақы руханиятта құқықтық, діни, көркем өнерлік нормалармен синкретті әрекет еткен.



Үшіншіден, әдеп нормалары ақын-жырауларда ауызекі мәдениеттің көне үлгілерін қамти отыра жырланған.

Өзінің түрлі саладағы іс-әрекетімен адамзат санасына тың нәрселер ұсынды. Иманға негізделген биік өнегелілікке шақырды. Ақиқаттың, әділдіктің, бостандықтың және бейбітшіліктің қағидаларын үндеді.

Әлем кеңістігіндегі Алланың құдіретін танытатын дәлелдеріне назар салуға, Алламен байланыс құруға шақырды. Көшпенді мұсылман қазақ бұл байланысты құлшылық етумен, өз мойнындағы жауапкершіліктерін адал атқару арқылы орындады.

Сонымен қазақтарға *ислам* мәдениетінің ықпалы орасан зор болды. Атап айтсақ:

Бауырмалшылыққа, сүйіспеншілікке, өзара бір-біріне жәрдемдесуге, ата-анаға деген ерекше құрметке баулыды.

Білімді болуға шақырды. Ислам ілімін меңгерген ғұламалар халық арасында ерекше бедел мен ықыласқа ие болды.